

«МӘМС» ЖЫРЫ БІТЕ МЕ?



Дәрігер жетіспеушілігі, тегін дәрі-дәрмектің тапшылығы, кейбір диагностикалық аппараттардың жоқтығы – бұл мәселелер әлі де өзектілігін жоймай келеді. Осындай ауқымды мәселені шешеді деп іске қосылған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің мәселесі бігер емес. Жүзеге асқанына 5 жыл болса да жетілдіру жолында кемшілік көп. Осы уақыт ішінде бұл саланың бюджеті 2 есе артқан. Дегенмен медициналық көмектің айтарлықтай жақсармағаны кенінен айтылуда. Ал биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді деп жоспарланған.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, бүгінде қазақстандықтардың 83 пайызы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қосылған. Олардың ішінде 72 пайызы мемлекет тарапынан қамтамасыз етіліп отырған осал топтардағы азаматтар.

Қызылорда облысы бойынша бекітілген халықтың тізімінде 845 994 адам тіркелген. Оның ішінде 709 720 адам (83,9%) МӘМС жүйесінде сақтандырылған, 136 274 адам (16,1%) тұрғын сақтандырылмаған.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

15 ақпан
сенбі

№12 (2125)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ДАМУҒА КӨШ ТҮЗЕГЕН СЫРДЫҢ ЕЛІ

Сырға келген әрбір мейман әуелі облыс орталығына ат басын бұрады. Әр таңы арайлап атқан Ақмешіт бұл ретте келген әрбір жанның жүрегін жаулап алатындай. Тіпті келген сайын таңданысын жасырмай, бас шаһардың дамуына оң бағасын беріп кетіп жатқандар жетерлік. Айналасы бірнеше жылдың ішінде-ақ қаланың ажары арта түсті. Адам танымастай өзгергені де жасырын емес. Күнделікті көрген көздің өзі сүйсінерліктей. Таяуда өткен жылы не болды, қандай іс бітірдік деген қала әкімі Нұржан Ахатов биыл жыл қоржынындағы табысты тілге тиек етті. Ол табыстың ішінде экономика да, білім, ғылым, медицина да, руханият та бар. Қоғамның барлық саласында қозғалыс бар екенін жеткізген шаһар басшысы барлық көрсеткіштердегі өсімді айтты, бір маркайтты.



Ел Президенті мен аймақ басшысы облыс орталығына ерекше мән берді. Президент пәрменінің арқасында көптеген жобалар қолға алынды. Тіпті, республика бойынша ыстық суы жоқ аймақ атанғанымызды да ерекшеліп айттық. Президент дер кезінде қозғау салып, барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізген. Нәтижесінде осы күні ыстық сумен қамтамасыз ету қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл да Мемлекет басшысынан бастап Ақмешітке бағытталған ыстық ықыластан болар... Қантардың соңында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірде жүзеге асқан маңызды жобаларды ерекше атап өтіп, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі мен аймақтың дамуына оң бағасын берді. Бұл – Сыр елінің ортақ абыройы мен беделі. Ал қоғамның барлық саласында даму болса, бюджеттің де бүйірі томпайып, экономикамыз нығаяды. Тұтас облыс қазынасы 204 пайызға артса, қала қазынасы да әжептәуір көбейген.

– Өткен жыл басында 58,2 млрд теңгемен бекіген қала бюджеті жыл соңында 112,7 млрд теңгеге жетті. Көрсеткіш 193,6 пайызды құрады. Қаланың түсімдері 119 млрд 534 млн теңгеге жетіп, 106,1 пайызға ұлғайды. Оның ішінде, өз кірістеріміз 37 млрд 892 млн теңгеге жетті. Бұл қаржылар өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды. Өткен жылы аймақ басшысының тегеурінді талабы мен тың бастамаларының нәтижесінде барлық салада өсім қалыптасты. Аймақтың негізгі капиталына 640 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайызды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі республикалық орта көрсеткіштен 41 пайызға жоғарылады, – деді Нұржан Сәбитұлы.

2-БЕТТЕ



Көшербаев көшесіне бара қалсаңыз, көздің жауын алар әсем қақпа, үй есігі, қоқыс жәшіктері мен әткеншектер, тіпті қауап жасайтын заманауи мангалға дейін сармап тұр. Мұның барлығын зауыт шығарып жатқан жоқ. Етек-жеңі жиылған, көрген көз тамсанатын бұйымның барлығын таңның атысынан күннің батысына дейін мұзды аяқ болып жүрген өзіміздің жігіттер жасап жатыр.

«МАМАНДЫҚТЫ АҒАМ ОҚЫДЫ, БІЗ ОДАН ҮЙРЕНДІК»



– Ең алғаш өзіме-өзім риза болып, тамсанған жұмысым – үйге арналған сейф еді. Өрине, өзіңе сын көзбен қараған дұрыс. Бірақ сол жолы өзіме қатты риза болдым. Одан бері де қаншама жұмысты қолға алдым. Бірінен соң бірі қақпа да, есік те, әткеншек те жасап жатырмыз. Қазір ел сүйсініп жатады. Бірақ біз үшін үйреншікті жұмыс, таза кәсіп ретінде қалыптасқан, – дейді дәнекерлеуші Мейрамбек Сембаев.

Ол Махаг Шерімбетов ашқан жеке цехта бес жылдан бері жұмыс істейді. Бірақ дәнекерлеуші болып он жылдан бері еңбек етіп келеді. Маңдай тердің наны деп, таза еңбектің ұшпаққа шығаратынын түсінген. Өзі – Арал ауданының тумасы. Облыс орталығында отбасымен тұратын ол қолы қимылдағанның аузы да қимылдайтынын айтты.

– Бұл мамандықты ағам оқыған. Ол менің ұстазыма айналды. Қазір металдың сапасын бір қарағаннан-ақ айта алатын деңгейге жеттім. Оқымағаным үшін намыстанбаймын. Көп адам оқыса да, дипломы бойынша жұмыс таппай сенделіп жүр. Ал мен нағыз еңбекпен келген табыстың берекелі болатынына көз жеткіздім. Өмір үйретті.



Дәнекерлеуші болу үшін ең алдымен ынта керек, сосын қиялың ұшқыр болғаны дұрыс. Өйткені қарапайым аяқтың астында жататын кара темірдің үйдің төрінде жарқырап тұрған бұйымға айналдыру үшін қанша күн тер төгерің белгісіз, – дейді білікті маман.

2-БЕТТЕ

50 ШАБАДАДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ немесе «Музей апаның» еңбегі

Құмнан аршып алған арба... Арал халқын ашаршылықтан аман алып қалған қайық... Бұл қарапайым ғана орта мектептің ішінен табылатын жәдігер десем сенесіз бе? Мұнымен қоса тарихтан сыр шертіп, өткенге оралғандай қиял әлеміне апаратын 2000-ға жуық жәдігері бар. Бұл музей қала орталығындағы Көмекбай Қаракөзов атындағы №235 орта мектеп-гимназиясындағы «Атамекен» мұражайы. Музейді сол мектепте 51 жыл қызмет етіп, бүгінде зейнетке шықса да тыным таппай жүрген Күләш Алматыева өз қолымен жасаған.

Сенесіз бе, осы ақпаратты естіген сәттен мұражайға баруға асықтық. Бұған дейін де жазылған, бұдан кейін де жазылар... Журналистік жолға түскендегі тырнақалды туындыларымыздың басым бөлігі ұлт мүддесі

бағытына ойысып жатса, Әлихан айтқан мақсат пен мұратқа бағыт алып, Ахмет айтқандай, ұлтқа қызмет қылмаспын ба?!

Жаныма жақын тақырып. Тіпті руханияттың ісі мұрынды жарғандай



еді... Мектептің дәл кіре берісінен орын алған мұражайдың иесі де киесі де Күләш Алматыева алдымыздан күтіп алды. Киесі дегеніміз сол, апамыз 23 жасында еңбек ісіне араласқаннан бастап мектептің тарихын кітап бетіне түсірумен айналысып келеді. Көлемі құлаштай кітапты көрсетіп тұрып: Мұны «киіз кітап» деп атайды деді. Өзі хабарлап тұрса да, оның жанарынан білемісің деген сұраулы жүзді аңғарды.

– Институт бітіріп келген жылым еді. Ол кезде мектептің құрылысы жалғасып жатқан. Құрылыс жүріп жатқан уақытта суретке де түсіріп алдым. Кейін мектептің ашылу салтанатын бастан-аяқ алып шығуды Рахат Құлтанов маған сеніп тапсырды. Сол кездегі символикалық кілтті өзімде сақтап жүрдім. Бұл жерде мектептен басқа ешқандай үй, ғимарат жоқ-тұғын. Сол кездегі мектеп директоры Рахат Құлтановтың тапсырмасымен мектеп, ұжым туралы материал жинауға кірістім. Қазіргі күні қорда 1972 жылдан бергі мектеп басшылары, мұғалімдері, тұлғалар туралы толық дерек бар, – деді кейіпкеріміз.

4-БЕТТЕ

Мұндай өсім барлық саладан байқалады. Мәселен, өңдеу өнеркәсібі – 19,6 пайызға (366,9 млрд тт), ауыл шаруашылығы – 2,3 пайызға (211,5 млрд тт), тұрғын үй – 16,9 пайызға (866,8 мың шаршы метр), көлік – 2,8 пайызға (294,6 млрд тт), сауда – 6,6 пайызға (833,5 млрд тт) артты. Бұл өсімдерде облыс орталығы – Қызылорда қаласының үлесі зор екенін атап өткен жөн.

Өңірде кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп, салада даму көрсеткіші жоғарылады. Ұшыр қиял мен іскерлікті қажет ететін кәсіптің көбі тың бастамаға құрылған. Креативті идеясы бар тұрғындар мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсібін дөңгелетуде.

– Бұл – берекеге апарар жол. Президент бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 34 жобаға 277,8 млн теңге несие берілді. «Өңірлік

үйдің құрылысы жүргізілді. Оның 2032 пәтерлі 44 үйі бюджет есебінен, 542 пәтерлі көпқабатты 19 үйі жеке инвестиция есебінен салынды. Өткен жылы жалпы саны 2 069 қызылордалық баспаналы болу бақытына кенелді. Айта кету керек, өткен жылы Сырдарияның сол жағалауынан алғаш рет 7 қабатты 6 тұрғын үй салынды. Осындай үйлердің құрылысы биыл да жалғасады, – деді Н.Ахатов.

Халыққа қажетті деген жобалар ең бірінші орындалу керек. Бұл ретте «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы қарқын алды. Өткен жылы осы бағытта қала халқын сапалы ауызсумен қамтып, кәріз жүйелерін қайта жаңғырту үшін 7,6 млрд теңгеге 29 жоба жүзеге асты. Сонымен қатар қоғамдық көлік, тұрғын үйді қайта жаңғырту, электр энергиясымен қамтамасыз ету, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары

«көгілдір отын» желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандарды газдандыру ісі жалғасуда. Ендігі кезекте Қызылорда әуылдық округі мен Бірқазан елді-мекенін «көгілдір отынмен» қамту негізгі жоспарға енгізіледі. Осы тұста айта кеткеніміз жөн, биыл шаһарымыздың бас жоспары қайта бекітіледі. Жаңа бас жоспар қала жанындағы саяжайларды қамтиды. Басты құжатқа сүйенсе отырып, біз «Эдельвейс», «Еңбек», «Орбита» секілді саяжайларға да газ желісін жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді қала әкімі.

«Білімдінің күні – жарық» деген қазақ елдің болашағы білімді жасар екенін де естен шығармаған. Осы ретте балалардың сапалы білім алуына барынша жағдай жасалып келеді. Өткен жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Сырдарияның сол жағалауынан 900 және «Ақмаржан» шағын (КБИ)

шілігімен 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді.

Жарқын жобалар қатарын дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты толықтырады. Құны 8 млрд 400 млн теңгеге болатын іргелі нысан биыл табысталады. «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен 4 млрд 800 млн теңгеге салынып жатқан музыкалық колледж де биыл ашылады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында құны 11 млрд теңгеге құрайтын «Шығармашылық академиясының» құрылысы да биыл аяқталатын болады, – деді Нұржан Ахатов.

Бүгінде қалалық мәдени және демалыс паркі қайта жаңғыртылуда. Бұл қатарға Тұңғыш Президент, Денсаулық сабақтарына жаңғырту жұмыстары қосылды. Бұл аумақтарда күрделі жұмыстар жүргізіліп, соңғы үлгідегі аттракциондар қойылады. Су бұрақтары, амфитеатр, жауу жүргішілер мен веложол салынып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары ашылады. Маңызды жобалар қатарында Батырхан Шөкенов атындағы саябақ пен Қорқыт Ата мемориалы аллеясы бар. Осы аумақтар да биыл абаттандырылып, жаңа кейіпке енеді.

– Тағы бір тың жобаны айта кетейін. Сырдария өзенінің үстінен «Астана» шағын ауданы мен Тұңғыш Президент және Денсаулық саябақтарын байланыстыратын жауу жүргішілер көпірін салу жоспарда бар. Онда да халыққа тынығатын жағдай жасалады, – деді шаһар басшысы.

Нұржан Сәбитұлы тағы бір тарихи кезеңді еске салды. Биыл Сыр елінің бас шаһары – Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлтымыздың ұлықтығын танытар қазақ атауының қайтарылуына тура 100 жыл толып отыр. Бұл – Сыр өңірінің ғана мерейтойы емес, бұл – тұтас ұлт, мемлекет тарихына қатысты кезең.

– Қызылорда астана болған тұста бұл жерде ел болашағына қатысты маңызды тарихи шешімдер қабылданып, Ахмет Байтұрсынұев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожанов, Қоңырқожа Қожықов және өзге де тарихи тұлғалардың ұлт болашағы үшін еңбек еткенін жақсы білеміз. Қазіргі таңда мерейтойды атап өтудің тұжырымдамасы мен облыстық іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленіп, оған 40-қа жуық ауқымды іс-шара енгізілді. Мерейтойды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияның алдын ала талқылау отырысы өткізіліп, онда республикалық деңгейде белгілі тарихшылар мен ғалымдардың, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен ғылыми-танымдық конференциялар ұйымдастыру, «Алаш арыстарына» арналған музей ашу, қала орталығынан «Тұңғыш астанаға – 100 жыл» аллеясын ашу секілді ұсыныстар берілді. Осы және өзге де ұсыныстар бойынша облыс әкімімен бірлесіп, тиісті шаралар қабылдау жоспарлануда. Мерейтой қарсаңында «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» атты тарихи-танымдық кітап шығарылмақ, – делі ол.

Көре білгенге жетістік, қуана білгенге қуаныш көп. Өткен жылды толағай табыспен шығарып салған Сырдың бас қаласында жаңа күнтізбеге сай іргелі істер басталып та кеткен. Дамудың даңғылындағы шаһар шыр айлана түспек...

Дәулет ҚЫРДАН, Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Алай көтерілісінен кейін 20 мың қазақ елден көшіп кеткен екен. Осыз да тар жол, тайғақ кешуде бас сауғалап шетел асқан қазақтың тарихы шашырағаны аз емес еді... Зұлмат жылдар салдарынан Отаннан алыс кеткендер қатарында Сүлеймен Шадкамның ата-бабасы да болды. Оның қатысуымен түсірілген «Қазақ» деректі фильмі таспаланды.

«ҚАЗАҚ» - ҚИЯНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ БОЯМАСЫЗ БОЛМЫСЫ

Кеңестік заманда билікке қарсы шыққан бірнеше көтеріліс болды. Соның бірі – Алай көтерілісі. Мал мүлікті тәркілеу мен күштеп жұмыдастыруға және ауыр салықтарға қарсы шыққан көтеріліс қазіргі Маңғыстау облысында болды. Алай руының жетекшілері қатысқан бұл соғысты басу үшін Кеңес әскері арнайы жасақ жіберіп, көтеріліске қатысқандарды қуғынға ұшыратты. Сол кезеңде талай қазақ Түркіменстан, Иран, Ауғанстанға қашуға мәжбүр болды. Кей деректер Алай көтерілісінен кейін 20 мыңға жуық қазақ көшіп кеткенін айтады.



Кейіпкеріміз Сүлеймен Шадкамның ата-бабасы 1929-30 жылдары ауыр жағдайлардан соң Маңғыстаудан Иранға қоныс аударды. Ал Иранда ер жеткен Сүлеймен Шадкам елді қорғау ісіне араласқан. Алайда 1978-1979 жылдары үкіметке қарсы жаппай бас көтеру орын алып, нәтижесінде үкімет құлап, Иран Ислам Республикасы жарияланды. Соғысқа қатысқан жігіттер өлім жазасына тартылған. Саяси жағдайдың құрбаны бола жазаланған қазақ жігіті сол кезде ата-бабасының еліне емес, Германияға қарай бас сауғалап кеткен. Оған дейін Германияның Алмания қаласында тұратын қазақтармен байланыста болған еді. 1986 жылы ата-анасына берген уәдесін орындап, Германиядағы қазақ қызы Динамен бас қосқан оның қазіргі таңда екі ұлы бар.



Жер ауып кеткен қазақтардың Еуропадағы тұрмыс-тіршілігі көрсетілген фильмді түсіруге режиссер Карлыға Хасен мен продюсер Танақоз Толқынқызы қатысты. Аталған фильм 2024 жылы Германия, Австрия, Түркия және Қазақстанда түсірілген. Кинода қазақ баласының елге деген сағынышы суреттелген.

Еуропадағы қазақ қауымдастығының негізін қалап, Мюнхендегі қазақ қоғамын дамытуға үлес қосқан Сүлеймен Шадкам жарықта жүрсе де қазақ баласымен сенімді қарым-қатынас сақтап келеді. Сонымен бірге Германияға ем іздеп келген қазақтарға да көмектесуден тартынбайтынын жасырмады.

«Кенес одағының саясатына қарсы шыққан адал азаматтар елден кетті» деп еске алған Сүлеймен Шадкам өзін Маңғыстау өңіріндегі миллиондаған жыл бұрын болып, көшіп кеткен теңізге теңейді. «Егер мен осы өңірде туғанымда, ата-бабам қуғынға ұшырамағанда мен де Каспий теңізі сияқты тұрар едім», – дейді ол ағынан жарылып.

Думан КЕЦШЛІК

ДАМУҒА КӨШ ТҮЗЕГЕН СЫРДЫҢ ЕЛІ

инвестициялық орталығы» арқылы өнеркәсіп саласының 41 жобасы қолдау тауып, 502,3 млн теңгеге қол жеткізді. Екінші деңгейлі банктер арқылы 647 кәсіпкер 22,6 млрд теңге жеңілдетілген несие алып, нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 34 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылғандар 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 млрд теңгеге өнім өндірілді. Биыл 15 жаңа инвестициялық жобаны іске қосу жоспарлануда. Біз бұл жобалармен қатар, биыл қаладағы «Жаңа» және «Ескі базар» аталып кеткен қос сауда орталығын жаңғыртудан өткіземіз, – деді қала әкімі.

Экономика, кәсіпкерлік салаларын айтқанда, демде-ақ ауыл шаруашылығы саласы ойға оралады. Қала аумағында өткен жылы 8 298 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Дала еңбеккерлері жаздайғы еңбегін жауын-шашынға қалдырмай, мерзімінде толық жинай алды. Нәтижесінде 3 856 гектар жерден әр гектарынан 51,5 центнер өнім жиналды.

Айтпақшы, елі ішіндегі әрбір мәселені шешуге барынша атсалысып жүрген шаһар басшысы екі қолға бір күрек таппай жүрген жандардың мәселесі де шешіліп келе жатқанын айтты. Өткен жылы облыс орталығында 13458 жаңа жұмыс орны құрылды. Ал жаңа бизнес – идеяларды іске асыру бойынша 520 адам мемлекеттік грантка қол жеткізді. «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі де бұл көрсеткіштің азаюына септесіп келеді.

Ал қаладағы апатты үйлер мәселесі де алдағы уақытта түбегейлі шешімін тауып қалуы мүмкін. Бүгінде 68 тұрғын үй апаттық деп танылған. Аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезегінде 673 отбасы тіркеуде тұр.

– Өткен жылдың соңында 135 отбасыға жаңа пәтерлер сатып алынды. Жақын күндері өз иелеріне табысталады. Биыл тағы 135 отбасыға жаңа пәтер сатып алу үшін қажетті жұмыс жүргізіледі. Осылайша апатты үйлер мәселесін кезек-кезегінен шешеміз.

Әрине, әлеуметтің ең әлеуетті әрі өзекті мәселесі – баспана. Былтыр қалада 2 574 пәтерлі 63 көпқабатты тұрғын Басы 1-бетте



да қарқынды жүруде. Бір ғана жылдың ішінде бірнеше көше кеңейіп, көліктер ерсілі-қарсылы, емін-еркін қозғалауда. Жауу жүргіші жолдары да сапалы жасалып, халықтың көңіліне асып келеді. Елді мекендерді табиғи газға қосу әлі де маңызды міндеттер қатарында. Өткен жылы қалаға іргелес жатқан Ақжарма ауылдық округі «көгілдір отынға» қосылды. Құны 1,2 млрд теңгеге құрайтын жоба сәтті жүзеге асып, тұрғындардың көптен бергі талап-тілегі орындалды.

– Осы күні 3,1 млрд теңгеге Сабалақ саяжайын және 631 млн қаржыға қалада

ауданынан 300 орындық екі мектеп пайдалануға берілді.

– Аймақ басшысының тегеурінді талабымен үш ауысымдық мектептер мәселесінің толық шешімін тапқанын білесіздер. Бұған дейін 4 білім ұясының жанынан қосымша ғимараттар салынды. Ескі мектептер күрделі жөндеуден өтіп, қайта түлеуде. Осының барлығы білімге салынған инвестиция – болашақ негізі екенін ашық айтуымыз қажет. Мұндай ширақ шаруалардан бөлек, аймақ басшысының үйлестіруімен, «ҚазГермұнай» компаниясының демеу-

ауданынан 300 орындық екі мектеп пайдалануға берілді.

«МАМАНДЫҚТЫ АҒАМ ОҚЫДЫ, БІЗ ОДАН ҮЙРЕНДІК»

көзін аша алмағанын айтып бір күліп алды. Тәжірибе жылдармен келеді. Ал жылдар сені ең мықты маманға айналдырады.

Өздерінің маман екенін танытып, бес жыл бойы жыл он екі ай еңбек етіп жүрген оларды басшылары да мақтайды. Айтуынша, бірде бір рет ұятқа қалдырмапты. Мұнда маусым кездерінде жұмыс қызып, он адамға дейін еңбектенетін көрінеді. Қазір қыс мезгілінде жұмыс баяу, бірақ тоқтаған емес.



– Әр бұйымның саудасы жақсы жүретін уақыты бар. Мәселен, ертең наурыз айынан бастап қар түскенге дейін біз қақпа жасап, оны тұтынушыға жеткізіп, орнатып береміз. Салқын түсіп, күн суытқаннан бастап үйдің сыртқы есігін жасаймыз. Оны да апарып, орнатып береміз. Жыл аяғына жақындағанда мекемелердің тапсырысы бойынша қоқыс жәшіктері, орындық тәрізді бұйымдардың уақыты келеді. Осылайша біз жыл бойы тұрақты жұмыс істейміз. Жұмыс қыза бастағанда он адамға дейін



көбейеміз. Жігіттер еңбектеріне сай жалақы алады. Әрине, істеген жұмысына қарай 300-800 мың теңге аралығында табыс тауып жүр, – дейді Махат Шерімбетов.

Қазір мұндағы бұйымдар Арал мен Алматының аралығындағы тұтынушыларға жол тартуда. Мәселен, біз барғанда Жалағаш ауданына жөнелтуге үй есігі дайындалып жатыр екен.

– Жасаған бұйымның сапалы болса, адал еңбек етсең, адамды алдамасан, бұйыртқан несібемді аласың. Тоғыз жылдан бері айналысып жүрген кәсібің болған соң, жарнамадан қарап тұрып, бұйымдарды көзің таниды ғой. Жарнаманы да алдынып, өтірік

қоспай, адамдарды алдамай жасауға болады. Біз бәрін ашық айтамыз. Содан шығар, қазір бізден кісі аяғы арылмайды. Шүкір дейміз. Бұрынғы арнайы фантазиясымен тапсырыс беретін кісілер Шымкентке тура тартатын. Қазір біз «Қызылордада істей алмайды» деген сенді бұзып жатырмыз. Кейбір қақпаларымыз жұрттың ат арытып Түркістаннан алдырып жатқанынан 200 мың теңгеге дейін төмен бағада. Ал кейбір бұйымдар сәл қымбаттау болып жатса, ол бұйымның шикізатының сапасы жоғары болуынан. Сәл ғана арзан бағаға ұрынып, артынан сол қақпаны төрт рет жасатқаннан бір мәрте ғана қымбаттау бағаға жасатқан тұрғын көп қаражатынан бөлек, уақытын да, жүйкесін де үнемдер еді, – дейді кәсіпкер.

Қолынан қара темір түспей жүріп, нарықтың бәсекесіне төтеп беріп жүрген жігіттерді нағыз ерлік екенін көрдік. Бастысы, жұмысыңа адал болсаң, әрекетің заңғар көкке бағыттайтынында емес пе?!

Дәулет ҚЫРДАН, Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Бұл цехта Мейрамбектен бөлек бірнеше жігіт жұмыс істейді. Соның бірі – шпелілік Әлішер Тұңжанов. Ол да дәнекерлеу ісінің кәнігі маманына айналған.

– Темірді темірге жалғауды екінші бірі біледі ғой, бірақ оны қалай жалғау керектігін ұғыну керек. Әрбір туынның суретшінің салған суретіндей болғанда ғана өз еңбегіңмен мақтана аласың. «Адамның ақылы – көзінде» деген сөзді естіп едім. Тұтынушы әуелі көзбен көреді, содан кейін мифа «тапсырма» береді. Демек, сапа маңызды рөл атқарады. Сапалы дүние қашанда трендте болады. Халықтың батасын алғанда ғана ісің алға басады, – дейді Әлішер.

Бүгінде дәнекерлеуге кіріссе, бес қаруын асынған батырдай барлық қауіпсіздік құралын қолға алатын ол ең бірінші күні көзіңексіз жұмыс істегенде үш күн бойы Басы 1-бетте



Қатаң бақылауға алу керек

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік салаларға тоқталды. Ел Президенті әлі күнге дейін халықтың көңілінен шықпайтын міндетті әлеуметтік сақтандыруды қатаң бақылауға алуды тапсырды.

– Қазір мемлекет бюджетінің көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатыр. Соңғы жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылды. Көптеген қызмет әлі қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалды. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алу керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру керек. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасасалуы керек, – деді Президент.

Сақтандырудың жаңа әдісі

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2027 жылға дейін МӘМС жүйесіне бірқатар өзгеріс енетінін мәлімдеді. Оның айтуынша, кейбір медициналық қызметтерді базалық пакетке көшіру арқылы сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматқа қолжетімді ету көзделіп отыр. Негізгі өзгерістерге тоқталып өтсек, әлеуметтік маңызды бар 12 ауру бойынша диагностика ақысыз болады. МӘМС жарналарының төлем жүйесі онтайландырылады. Медициналық қызметтердің ашықтығын арттыру мақсатында жана цифрлық жүйелер енгізіледі.

Сонымен қатар медициналық ұйымдарды қаржыландыру тетіктері қайта қаралады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың енгізілуі денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемін 3 есе ұлғайтуға мүмкіндік берді, яғни 1 трлн-нан 2,9 трлн теңгеге дейін. Бұл саланың көптеген бағытын қаржылық ресурстармен барынша толықтырды. Оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 2,3 есе өскендігін айтып кеткен жөн, – дейді денсаулық саласының басшысы Ақмарал Әлназарова.

Айта кетейік, бұл өзгерістер халықтың сақтандыру деңгейін арттыру және медициналық қызметтердің сапасын жақсарту үшін қабылданып отыр.

Ана мен бала өлімі азайған

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, МӘМС жүйесі енгізілгеннен бері еліміздегі медициналық-демографиялық көрсеткіштер айтарлықтай жақсарған. Мәселен, жалпы өлім-жітім 8%-ға төмендеді, ана мен бала өлімі азайған. Сондай-ақ өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін ұзарған. Тіпті скринингтік тексерулерден өтетін адамдар саны да артқан. МӘМС жүйесі әсіресе, онкологиялық аурулар мен жүрек-қан тамырлары ауруларын ерте анықтау бойынша оң нәтиже бар.

Бізге қажет пе?

Қарапайым халықтың көбісін осы сұрақ толғандыратыны рас. Ал маманның айтуынша, бұл мемлекетіміз ұсынып отырған игілікті іс.

– Біздің елде азаматтар денсаулыққа жұмсалатын жалпы шығынның 50 пайызын өз қалтасынан төлейді.

Дәрі-дәрмек сатып алады, ақылы клиникаларға қаралады. Мұның отбасы бюджетіне едәуір салмақ түсіретіні даусыз.

МӘМС жүйесі осы шығындардың белгілі бір бөлігін сақтандыру есебінен жабуға мүмкіндік береді.

Басы 1-бетте

Реформаның маңызы, міне, осында, – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова.

Уақытша тоқтату қажет

Халықтың қалтасына салмақ салған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісінің айналасында заңнамалық тұрғыдан ретсіздіктер болғаны жайында дәлелді айғақтармен келтірілген деректер де бар. Бұл деректерді үкімет сағатында мәжіліс депутаттары рет-ретімен айтып берген болатын. Осы тұста «МӘМС-ті уақытша тоқтата тұрсақ» деп ұсыныс тастағандар да болды. Осы мәселе жөнінде мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев өз ойын білдірді.

– МӘМС-ті уақытша тоқтатуды ғана сұрадым. Себебі азаматтар сынақ алаңына айналмауы қажет. Негізі, мұны уақытша тоқтату медицина саласына тұтастай хаос әкелмейді. Ол туралы дәлелімді де айттым. 20 млн халықтың 14,5 миллионына мемлекет төлем жасайды, 3,5 миллионы мүлде сақтандырылмаған, сонда 2 миллион адам қаламыз. Бұл 2 млн үшін тұтастай қор ұстап отыруда мән бар ма? Олар ақша төлесе де ем алып жүрген жоқ. Сондықтан МӘМС-ті уақытша тоқтатып, барлық аспектісін реттеп барып енгізсек деген ұсынысымды білдірдім, – дейді мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев.

МӘМС жүйесін министрлік толыққанды тексергенде түйіткілді мәселе көп екені анықталды. Сондықтан халыққа сапалы медициналық көмек көрсету үшін бұл жүйені өзгерту керек деген шешімге келді.

Мәртебе мен төлемдерді тексеру

МӘМС-тің енгізіліне қанша уақыт болса да оның түпкі мақсатын түсінбейтін азаматтар да бар. Әйтеуір ақшасын аударып қояды. Тіпті қанша аударылып жатқанын сұрамайтын жандар да кездеседі екен.

Халық өзінің міндетті сақтандыруын ай сайын төлеп жатыр. Алайда ол уақытта дәрігерге қараламайтын кездері де болады. Сонымен ол қаржы қайда кетіп жатыр? Міне, бұл көкейіндегі сұрақ.

Сондықтан да қарапайым халыққа түсінікті болу үшін МӘМС айналасындағы көп сұрақты мамандарға жолдадық. Яғни, қарапайым халық денсаулығына қатысты төлемдердің қайда, не үшін төленіп отырғанын толық түсінгені және білгені жөн. Біздің сұрағымызға «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

– МӘМС-ке қанша төлеп жүрміз?

– 2025 жылы тек біржолғы төлем мөлшері өзгерді – 21,5%-дан 23,8%-ға дейін. Сондай-ақ жеңілдетілген санаттағы азаматтар үшін мемлекет тарапынан жарна мөлшері өзгерді, яғни орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейін. Бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы және осы жылдағы қаржының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұл мәліметті мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

МӘМС төлемдерінің мөлшері келесідей:

Жұмыс берушілердің жарналары – қызметкердің табысынан 3%. Табыс 10 еселенген ең төменгі жалақыдан (2024 жылы 850 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

Қызметкерлер, оның ішінде азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істейтіндер – табысының 2%. 10 ЕТЖ артық емес немесе 17 мың теңге.

Біржолғы төлем төлеушілер – жалақы қорынан 23,8%.

Жеке кәсіппен айналысатын адамдардың жарналары – 5950 теңге. 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді (1,4 * 85 000) * 5% = 5950 теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол салық кодексі талап еткендей, жарналарды төлеуді жалғастыруы керек екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе, қарыз пайда болады.

Дербес төлеушілердің жарналары – 4250 теңге (1 еселенген ең төменгі жалақының 5%).

Мемлекет тарапынан МӘМС-ке төленетін жарналар – 7285,9 теңге.

– МӘМС-ке төленген артық ақшаны қалай қайтарып алуға болады? Мәселен, екі жерде жұмыс істесе қалай болады?

– МӘМС-ке қызметкер үшін аударымдар (жұмыс берушінің қаражаты есебінен) әрбір жұмыс орнынан жүргізіледі тиіс. Бірақ әр жұмыс орнынан төленетін сома айына 25 500 теңгенен (10 ЕТЖ-дан 3%) аспауы тиіс. Қызметкердің жалақысынан ұсталатын жарналарға келер болсақ, қанша жұмыста істесе де, жалпы сомасы 17000 теңгеден аспауы қажет (10 еселенген ЕТЖ-дан 2%).

Қызметкер жұмыс орнына басқа жұмыс орнынан жалақы туралы анықтама әкеліп беруі керек. Мысалы, егер ол бірінші ұйымнан 450000 теңге, ал келесі жұмыс орнынан 350000 теңге алатын болса, онда тек 250000 теңгеден жарна есептейсіз (700000 – 450000 = 250000). Егер жалпы табыс 700000 теңгеден аз болса, онда әрбір ұйымдағы жалақының толық мөлшерінен есептеледі.

МӘМС-ке төленген ақша мынадай жағдайларда: қате аударылғанда, артық төленгенде, төлемнің мақсатты коды қате көрсетілсе, төлеушінің реквизиттері дұрыс көрсетілмесе, төлеуші немесе банк қаржыны бірнеше рет аударып жіберсе қайтарылады.

– Бала үш жасқа толғанша анасына мемлекет медициналық сақтандыруға жарна төлейді. Алайда 3 жасқа толмай жатып жұмысқа шықса, жалақысынан МӘМС-ке ақша ұстап қалады. Бұл қалай?

– Міндетті медициналық сақтандыру туралы заңның 26-бабына сәйкес мемлекет жұмыс істемейтін ата-анаға немесе демалыста жүрген және 3 жасқа толмаған балаға күтім жасайтын ата-ана үшін міндетті медициналық сақтандыруға жарна төлейді.

Егер бала күтіміндегі әйел жұмысқа шығып, жалақы алса, онда жұмыс беруші қызметкер үшін МӘМС аударымдары мен жарналарын төлеуге міндетті.

P.S. Елімізде 2020 жылдан бері енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі денсаулық сақтау саласындағы маңызды реформалардың бірі. Жүйенің негізгі мақсаты – халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, емханалар мен ауруханаларға қосымша қаржыландыру көзін ұсыну. Алайда соңғы уақытта МӘМС жүйесіне қатысты сын-пікірлер көптеп айтылууда. Осыған орай, елімізде биылдан бастап МӘМС жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізу жоспарлануда. Айта кетейік, бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – медициналық қызметтердің сапасын арттырып, халықтың барлық санатына қолжетімді ету.

ЖАЯУ ЖҮРҮДІҢ ПАЙДАСЫ КӨП



Ұзақ ғұмырдың, мықты денсаулықтың кепілі салауатты өмір салты екендігін білсек те, ұмытып кете береміз. Ал денсаулықты сақтаудың алғашқы қадамы – жаяу жүру екен. Жақында мынадай мәліметті оқыдым. Адам күніне 9000-10000 қадам жаяу жүру арқылы өлім қаупін үштен бірге азайта алады екен. Аустралиядағы Сидней университетінің зерттеушілері осындай дерек келтірген. Зерттеу бойынша жаяу жүру арқылы денсаулықты жақсарту ісін зерттеп жүрген эпидемиолог Мэтью Ахмади күнделікті жүру жүрек-қан тамыры ауруларының қаупін кем дегенде 20 пайызға төмендететінін айтқан. Олар жүргізген зерттеуге 72 000 адам қатысқан. Осы тәжірибені жүзеге асырушылардың бірі – Нью-Йорк штаты Манхассеттегі Фейнштейн медициналық зерттеулер институтының физикалық жаттығулар жөніндегі маманы Эшли Гудвин 2 мың қадамнан жедел 10 мың қадам жасаудың қажеті жоқ екендігін айтып өткен. Яғни, ол өзінің зерттеуінде қатысушыларды күнделікті орташа қадам санын 1000 қадамнан көбейтуге шақырған. Бұл тәсіл тиімділігін 2020 жылы жүргізілген 17 зерттеуде де дәлелденген. 1000 қадамнан үздіксіз қосып отыру жүрек аурулары мен өлім қаупін келесі 4-6 жыл ішінде азайтуға септескен.

Статистикаға жүгінесек, қазіргі уақытта жүрек-қан тамырлары сияқты дертен болатын өлім-жітім өсіп келе жатыр. Демек, салауатты өмір салтын ұстану – кез келген аурудың алдын алуға кепіл. Мұны кез келген дәрігер айтады. Ал салауатты өмір салтын ұстануға дұрыс тамақтанудан бастап, физикалық белсенділік, күйзелісті жеңу, күн тәртібін сақтау сынды қарапайым қағидалар жатады. Дене белсенділігі – денсаулықтың кілті. Жаяу жүру, тұрақты физикалық жаттығу жасау, артық салмақтан арылуға септігін тигізетін жаттығулар денсаулығымызды нығайтады.

Технология дамыған заманда кимыл қозғалысы азайып бара жатқаны белгілі.

Жапондықтар күніне кем дегенде 3 шақырым жаяу жүру керек десе, орыстар тәулігіне 10 мың қадам жаяу жүруді міндетті дейді.

Кем дегенде бір күнде 30 минут, аптасына бес күн жаяу жүру жүректің ишемиялық ауру қаупін 19 пайызға азайтады екен.

Сонымен қатар зерттеушілер жаяу жүру адамның психикалық сау болуына көмектесетінін де айтады. Мәселен, зерттеулер ол мазасыздықты, депрессияны және жағымсыз көңіл-күйді азайтуға көмектесетінін көрсеткен. Тіпті жаяу серуендеу түрлі идея ойлап, шығармашылықты арттырудың қарапайым тәсілі екен. Өз денсаулығымыз өзіміздің қолымызда екенін ұмытпайық. Сіз жаяу жүресіз бе?

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ



Қазақстанда вирустық гепатиттерге шалдығуды азайту мақсатында 18 жасқа жеткен адамдардың арасында В және С гепатиттерін анықтауға толық скрининг жүргізу жоспарланып отыр. Бұл туралы денсаулық министрлігі мәлімдеді.

В және С вирустық гепатиттерімен инфекцияны ерте анықтау жөніндегі пилоттық бағдарламаны іске асыру қорытындылары, сондай-ақ ауруды төмендету жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі одан арғы қадамдар денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың ауруларды талдау орталығы (CDAF) қорының директоры доктор Хоми Разавивен кездесуі барысында талқыланды.

ДДҰ-ның 2030 жылға дейінгі вирустық гепатиттерді жою бағдарламасының негізгі және маңызды мақсаттарының бірі – оларды уақыттылы диагностикалау.

В және С вирустық гепатиттері негізінен жасырын (асимптоматикалық) болғандықтан, 65% жағдайда олар цирроздың немесе бауыр обырына әкеледі. Бұл оны жұқтырған халықтың өліміне және мүгедектігіне себеп болады. Сондықтан инфекция тасымалдаушыларын ерте сатысында анықтауды және емдеуді қамтамасыз ету маңызды. Себебі олар айналасындағылар үшін вирустық гепатит көзі болып саналады.

50 ШАБАДАДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ немесе «Музей апаның» еңбегі

Күләш Алматықызы Көмеқбай Қарақозов атындағы №235 орта мектепте жарты ғасырдан бері табан аудармай еңбек етіп келеді. Музейде мектептің ең алғашқы қоңырауы, символикалық кілт, сол замандағы оқушы партасы, кеңес заманындағы 15 мемлекеттің әнұраны мен Лениннің дауысы сақталған пластинка және тағы басқа көне жәдігерлер жиналған. Есімі берілген Көмеқбай Қарақозов пайдаланған жазу машинкасы мен тұрмыстық бұйымдар да музей төрінен орын тапқан. Сонымен бірге жақын уақытта оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Наталья Жұмалдибаева келіп, тиянақты жұмысқа ризашылығын білдірді.

– Мұражайға келген Наталья Васильевнаға орыс мектептеріндегі қазақ тілі сағатын көбейту туралы ұсыныс айттым. Өйткені қазақ тілін білмеудің азабын өзiм тарттым. Сол үшін орыс мектептеріндегі қазақ тілі сағаттарында қазақтың ауыз әдебиетін, мақал-мәтел, өлеңдерін баланың санасына құйған дурыс. Мен В.Маяковскийді, Сергей Есенинді жатқа білем, бірақ неге одан гөрі Абай мен Мұқағали, Мұхтар Әуезовті білмедім деп қынжыламын. Мұқағалидің Қарасаздағы мұражайына барғанымда ақынның күнделігін іліп қойыпты. Сонда мен алып тастау туралы ұсыныс айттым. Себебі Мұқағалидің мектептегі бағасы үшін емес, ақын ретінде тануымыз керек деп ойлаймын. Бұрын бұл музейге айналып кіретін едік. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы қала әкімі боп тұрған кезде мектептің ішкі жағына ауыстырып берді. Содан бері мен «Музей апа» деп аталып кеттім. Ал кіре берістегі есік Мырқа Исаяв мен А.Жұматаевтың ағаштан ойып жасаған сықырлауық киіз үй есігі, – деді К.Алматаева.

Күләш апа жиган-тергенін әдепкіде шабаданға салып жинаған. Ең әуелі бұл экспонаттарды іздеп табуда қиындықтар болғанын айтты. Әр шабадан бір тақырып боп 50 шабадан қорда сақталып тұр. Оның ең ескісі 1941 жылы Алматыда жасалған екен. «Шабадандағы музеймен» талай көрмеге қатысып, олжалы қайтқан. Соның бірі 2018 жылы әлеуметтік идеялар және жобалар жәрмеңкесіне қатысып, «Шабадандағы музей» жобасымен ақшалай сыйақы ұтып алған. «Чемодан» сөзі орыстан келгенімен, одан бұрын оны қазақтар жасап қолданған екен. Оны «жағылан» деп атап, қыздың жасауын салып, көшіп жүрген уақытта да пайдаланған. Сондай бір 200 жыл сақталған жағылан музей қорында тұр.

– Мұражайдағы жәдігерлерді мұғалімдер оқушыларға түсіндіру үшін көрнекілік құрал ретінде сұрап та алады, – деді кейіпкеріміз.

Қамыстан жасалған сандықты да көрдік бұл жерден. Ал Әмина Әмірзақованың «Тақиялы періште» фильмінде



Қызықтың көкесі енді басталды. Ауылда өскен қазақтың кара домалағы болсам да, табан астындағы сұраққа тосылып, абырап қалдым. Оныма аз-маз ұялғаным да бар. Сол сәтте газет редакторы Гүлмира Мағлұмқызы оның шок көметін зат екенін айтқанда Күләш апамыз балаша қуанып қалды. Оның бұл қуанышының артында ұлт мұрасын ұлықтап, есінде сақтап жүретін кейінгі толқынның бар екеніне жеткізуді турғандай еді. «Шок көмбіш» деп аталатын бұл көне тұрмыстық затты ата-бабаларымыз шок жинау үшін пайдаланған екен.

– Орыс мектебін тәмамдадым. Университетте де орысша білім алдым, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бердім. Қазақ тіліне, туған жердің тарихына, ұлттық құндылықтарға қызығушылығымды оятқан осы мұражай жұмысы болды. Сабақтың құрамы мен нәрі болу үшін оған ұлттық элементтерімізді там-тұмдап болса да қосып отыруымыз керек. Мұражайға көп қор жинақтап мәліметтерді толықтырып отыруыма қазақ баспасөзі үлкен көмек. Мен бар мәліметті газеттен аламын. Себебі газеттегі мақала тасқа басқанмен бірдей, оны ешкім өзгерте алмайды. Жас мұғалімдерге оқушыға жақсы тәрбие бергің келсе газетке жазылыңдар деймін. Баспасөздегі шыққан мақалаларды 51 жылдан бері сақтап, тәрбие жұмысына енгіздім. Талай жерден мұражай ашуға қолға салды, алайда мен осы мектепте қаламын дедім. Себебі мен – осы білім ордасының тарихымын. Мұражайға келген вице-министр, қала әкімінің орынбасары да таңданып кетті. Ендігі арнамын – Президент келсе деймін, – дейді «Музей апа».

Мұражайда біраз жылдан бері үзілмей келе жатқан үрдіс бар екен. Ол кәдімгі лоторея билеттерін салатын қорапшадан қағаз таңдап алу. Онда көңіл маркайтын жылы сөздер жазылыпты. Маған «сеңдей адамның бар екені неткен жағап!» деген сөз түсті. Көңілдің маркайып, маз болып қалады екенсің. Келген әрбір жанның көңілін аулап жүрген руханият жанашырының жағап идеяларына тәнті болдық. Біз де өз атымыздан музей кітабына тілегімізді жазып қалдырдық.

Күләш Алматаева мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет еткен. Одан бөлек, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, кәсіподақ, мектептегі партия ұйымының басшысы,

калалық комитет бюросының мүшесі, мектеп директорының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған. Ұстаздар үшін аса қадірлі «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері. Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты», «Астанаға – 20 жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл», «Қорқыт ата университетінің үздік түлегі», «К.Қарақозов атындағы №235 орта мектебіне – 50 жыл» төсбелгілерін кеудесіне жарқыратқан жан.

Адам өз ісін беріле жасап, сол жұмыстан ләззат алғанда ғана оның әрбір әрекеті өміршең болады. Біз жиналып, шығып барамыз. Ал ұлт руханиятына титімдей болса да үлес қосса, ұлттың алдындағы парызымыз деп ұққан «Музей апа» соңымыздан қарап қала берді. Жарты ғасырдың құндылығын көздің қаршығандай қорғап, кейінгі ұрпаққа насихаттап жүрген ол әрбір келушіні құдайы қонақтай күтеді екен.

Көлікке отырамын дегенше аяпайдан көз алмадым. Оның жан дүниесін ұққандай болдым. Қандай керемет десенші... Тұтас тарихты аркалап жүргеніне тәнті болдым.

Думан КЕҢШІЛІК,

Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Басы 1-бетте

– Мен мұны көп кие бермеймін тек ауырған кезде кісем жақсы боп қаламын. Қызықтың көкесі сол, бұл қамзолдың несі – егін егіп аты шыққан жемінің анасы. Бір жылы Бауыржан атамның алғашқы ағамызға «ей, қатын» деп айқайлаған көрінеді. Ондайды естімеген апамыз шошып қалыпты. Ерtesіне батыр бабамыз «Сен менің көшегі сөзімен ренжіме. Қатын деген сөз «түнің гүлі» деген мағынаны береді деп әзілдеген екен, – дейді Күләш апа. Ақын ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған көрмеде еліміздің 19 қаласынан келген коллекционерлер арасынан озып шыққан Күләш Алматаеваның музейінде сан ғасырды бойына сыйдырған тарихи жәдігерлер сақталған. Бесік, сандық, үтік, майшам, қолсағат, қабырға сағаттарының эволюциясына да кезігесіз. Әр кезінде пайдаланылған тұрмыстық заттарға қарап технологияның калай дамып келе жатқанын көз алдына алып, «бұл халық батыры Бауыржан Момышұлының қолы тиген қамзол», – деп сөзін бастады.

тартқан шәлісі тоқталған аппаратты көргенде қызыға түстік. Оны Орынбордан арнайы алып келген. Осындай ерекше дүниелерді іздеп жүретін апамыз құнды жәдігерлерді көріп таңқалып тұрған бізге: «қазір мен сендерге ерекше нәрсе көрсетемін» деді. Содан ілгіште тұрған қамзолды алып, «бұл халық батыры Бауыржан Момышұлының қолы тиген қамзол», – деп сөзін бастады.

Жыл сайын 14 ақпанда әлем бойынша халықаралық кітап сыйлау күні атап өтіледі. Бұл мереке адамдарды кітап оқуға ынталандырып, білім мен мәдениетті насихаттауға бағытталған. Кітап сыйлау дәстүрі кітапсүйер қауым арасында рухани байлықты бөледі деуі ерекше тәсілі. Осы орайда, адамдардың кітап оқу деңгейіне тоқталғанды жөн көрдік.

Әлемде кітап оқу деңгейі және танымал жанрлар

Әлемдік статистикаға сүйенсек, әр елде кітап оқу деңгейі әртүрлі. Мысалы, Франция мен Канада тұрғындары жылына орта есеппен 17, ал АҚШ азаматтары 12 кітап оқиды екен. Бұл көрсеткіштер Қазақстанмен салыстырғанда елеуір жоғары. Жанрлық талғамдарға келсек, әлем бойынша романдар, детективтер, тарихи беллетристика және қиял-ғажайып әдебиеттері кеңінен танымал. Сонымен қатар психология, өзін-өзі дамыту және бизнес тақырыбындағы кітаптарға да сұраныс артып келеді.

Кітап оқу бойынша көшбасшы елдер

Кітап оқу деңгейі жоғары елдер қатарында Франция, Канада, АҚШ, Жапония және Оңтүстік Корея бар. Бұл мемлекеттерде кітап оқу мәдениеті жоғары дамыған, кітапханалар жүйесі кең таралған. Мысалы, Жапонияда кітап дүкендері мен кітапханалар саны өте көп, ал Оңтүстік Кореяда электронды кітаптар мен оқу құрылғылары кеңінен қолданылады.

Қазақстандағы кітап оқу статистикасы

Қазақстанда кітап оқу деңгейі соңғы жылдары төмендеп келеді. «AMANAT» партиясының жанындағы қоғамдық саясат институтының мәліметінше, 2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында жүргізілген зерттеу бойынша, респонденттердің тек 26,5%-ы соңғы бір жылда кемінде бір кітап оқғанын айтқан. Қалғаны уақыттың жетіспеушілігін (52%) немесе кітап оқуға қызығушылықтың болмауын (21,4%) себеп ретінде көрсеткен. Кітап оқытандар жылына орташа есеппен 5 кітап оқиды. Ең көп оқытын аймақтар – Шығыс Қазақстан (10,6 кітап), Солтүстік Қазақстан (6,95 кітап) және Ақмола облыстары (6,34 кітап). Ең аз оқытын аймақтар – Шымкент қаласы (3,8 кітап), Ұлытау (3,7 кітап) және Жетісу облыстары (3,59 кітап). Жас ерекшелігіне байланысты 61 жастан асқан адамдар жылына орташа есеппен 6,2 кітап оқиды екен. Әйелдер ерлерге қарағанда, қалалықтар ауыл тұрғындарына қарағанда көбірек оқиды, бірақ айырмашылық айтарлықтай емес.

Аймақ жастары кітапты көп оқиды

Қаламызда кітапқұмар жандардың рухани орталығы қалыптасқан. Бұл – тек оқу мәдениетін насихаттайтын орын ғана емес, зияткерлік дамудың алаңы. Соңғы

жылдары облыс кітапханаларына авторлар тарапынан 2270 кітап сыйға тартылып, оқырманға жол тартты.

– Кітап – адамның ақыл-ойының жемісі. Оны оқытындар бар, жинайтындар бар, тіпті шынайы фанаттар да бар. Бірақ біз кітап оқу мәдениетін бұқараға кеңінен жеткізіміз қажет. Мысалы, жапондар білімді халық деп есептеледі. Себебі

летін де дамыту маңызды. Біз жас авторларды тәрбиелеу, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ерекше көңіл бөлеміз. Осы мақсатта жастарды кітап жазуға үйрететін түрлі іс-шаралар мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастырамыз. Қазіргі таңда кітапханамызда балаларға арналған арнайы алаң бар. Ол – кеме пішінінде жасалған ерекше кеңістік, мұнда бүлдіршіндер

олардың әрбір оқушысы жылына кем дегенде 70 кітап оқуы тиіс. Ал бізде осындай талап бар ма? Сондықтан Әбділда Тәжібаев атындағы кітапханамызда түрлі акциялар ұйымдастырып, кітапқа деген қызығушылықты оятудамыз. Бүгінгі жастардың бойында кітап оқуға деген сүйіспеншілікті ғана емес, сонымен қатар к і т а п ж а з у к а б і-

– Біздің клуб кітапты насихаттау мақсатында құрылды. Қазіргі таңда «QZY LORDA» телеарнасында екі жобамыз бар. Біріншісі – 10-11 сынып оқушыларына арналған интеллектуалды «Ziyatke» сайысы. Бұл – жастардың ойлау қабілетін дамытатын, білімге деген құлшынысын арттыратын жоба. Екіншісі – қаладағы кітапқұмар жандармен сұхбат жүргізетін

– Біздің клуб кітапты насихаттау мақсатында құрылды. Қазіргі таңда «QZY LORDA» телеарнасында екі жобамыз бар. Біріншісі – 10-11 сынып оқушыларына арналған интеллектуалды «Ziyatke» сайысы. Бұл – жастардың ойлау қабілетін дамытатын, білімге деген құлшынысын арттыратын жоба. Екіншісі – қаладағы кітапқұмар жандармен сұхбат жүргізетін

«Велософия» бағдарламасы. Бұл хабардың басты ерекшелігі – кітап оқытын адамдардың ойларын, тәжірибесін адамдармен бөлісу. Бүгінде Қызылорда қаласында кітап оқуға қызығушылық танытатын мыңнан астам адам бар. Біздің іс-шараларға жиналатын жастардың қарасы күннен-күнге артып келеді. Бұл – жастардың кітап оқуға деген көзқарасының өзгеріп келе жатқанын білдіреді. Кітапқұмарлардың басын қосқан, осы қозғалыстың негізін қалаған адам – Талғат Мейдібай. Ол бізді біріктіріп, кітап оқуды сөнге айналырды. Қазіргі таңда жастар оның бастамасын қолдап, клубқа мүше болып жатыр, – деді Нұрболат Олегулы.

Клуб мүшесі Ізбасар Әмір қоғамда бизнеске бағытталған мотивациялық кітаптардың жарнамасы жоғары болғандықтан, көркем әдебиеттің екінші орында қалып қойғанын айтады.

– Әрине, өзін-өзі дамыту кітаптарының да пайдасы бар. Бірақ көркем әдебиет адамның эмоциялық интеллектін қалыптастырады, ойлау жүйесін өзгертеді, қиялын дамытады. Көркем әдебиет оқыған адам өмірді өзгеше қабылдайды, оқиғаларды терең түсінеді. Ең бастысы – өзіңмен бір қызығушылықтағы жастармен жолығып, орта қалыптастырасың. Мен үшін кітаптың ең үлкен пайдасы – осында, – дейді Ізбасар Төлеубекұлы.

Қызылордалық жастардың осындай бастама көтеріуі, өзара рухани байланыс орнатуы көңіл қуантады. Кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру арқылы ғана біз білімді, мәдениетті, ойлы қоғам қалыптастыра аламыз. Ал сіз кітап оқисыз ба?

С. ТЕМІРБОЛАТ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» басып үйі» ЖПС сенімгерлігі басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4401 Тапсырыс №259

Номердің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН